

**Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп бойынша қамқоршылық кеңесінің
мектеп оқушыларының жазғы демалысын өткізуді ұйымдастыру
мақсатында өткізілген**

№2 ОТЫРЫСЫ

28.05.2021ж

Қатынасқандар:

1. Ш.Сариева- қамқоршылық кеңесінің төрағасы;
2. А.Жангельдина-директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
3. Кеңес мүшелері-8
4. Н.Рахметқалиева-әлеуметтік педагог.

Күн тәртібінде:

1. Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп бойынша оқушылардың жазғы демалысы мен сауықтырылуын қамтылуын ұйымдастыру мақсатында мектеп жанындағы «Жұлдыз» лагерінде демалатын оқушылардың және Елтай селосындағы «Жас Өркен» жазғы демалыс лагерімен «Балдаурен-Көкшетау» РОСО-да демалатын оқушылардың тізімін жасақтау.

Тыңдалды:

А.Жангельдина-директордың тәрбие жөніндегі орынбасары:

Мектеп жанындағы «Жұлдыз» жазғы сауықтыру лагері 2 кезең бойынша 25 баладан барлығы 50 бала қамтамасыз етілетіндігі айтылды. 1 кезең 1 маусыммен 14 маусым аралығында, 2 кезең 17 маусымнан 30 маусымға дейін өз жұмысын жүргізеді. Сонымен қатар, «Жұлдыз» сауықтыру лагерінде 1 тәлімгер, 2 тәрбиеші және саз пәні мен дене шынықтыру пәні мұғалімдерімен қамтылатындығы ескертілді. Аудандық білім бөлімінің 2021 жылдың 18 мамырындағы №183 бұйрығын басшылыққа ала отырып, мектепшілік 2021 жылдың 26 мамырында 2021 жылға арналған жазғы каникул кезінде балалардың демалыс лагерін, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы №55 бұйрығымен таныстырылды.

Аудандық білім бөлімінің 2021 жылдың 19 мамырындағы №05-04-01/753 санды хатымен таныстырып, Елтай селосындағы «Жас Өркен» демалыс орнына мектеп оқушыларының тізімін жасақтау үшін сынып жетекшілер ата-аналармен түсінік жұмыстарын жүргізгендігін айтты. Лагерьге алдыңғы кезекте жетім, жартылай жетім, ата-ана қамқорлығынсыз

қалған балалар, аз қамтылған және көп балалы отбасы балалары қамтылатындығы ескерілді.

Сөйлеушілер:

Н.Рахметқалиева-әлеуметтік педагог:

Мектеп бойынша жетім, қамқорлыққа алынған бір оқушы бар екендігіне тоқталды. Алайда денсаулық жағдайына байланысты үйден оқытылатын оқушы болғандықтан, лагерьге қатынаспайды. Мектеп директорының бекітілген бұйрығымен таныса отырып, лагерьлерге әлеуметтік жағдайына байланысты тізім жасакталып, оқушылар қатыналатын болатындығы айтылды. Ата-аналарға сынып жетекшілер арқылы қажетті медициналық тексеріс құжаттары басқа да қажет құжаттардың тізімімен таныстырылғандығына тоқталды. 2021 жылдың жазғы кезеңінде «Жас Өркен» лагерінде демалатын оқушылардың сандық бөлінісі бойынша әр кезеңге мектептен 14 бала баруы тиіс екендігі кеңес мүшелеріне айтылды. Аталған лагерь 6 кезеңнен тұрады. Қазіргі пандемияға байланысты бөлінген сандық бөліністің 50% қамтамасыз етілетіндігіне тоқталды. Яғни, 7 оқушы баратын болады. Сынып жетекшілердің ұсынған ата-аналар тарапынан тілек білдірген оқушылардың тізімдерімен қоса ата-аналардың өтініштерін және әлеуметтік жағдайын растайтын құжаттарын ұсынып, кеңес мүшелеріне таныстырылды.

Э.Уразбаева- кеңес мүшесі:

Жазғы демалыс сауықтыру лагерлеріне оқушылардың әлеуметтік жағдайы міндетті түрде қаралатындығы барлығына белгілі екендігі айтылды. Балдаурен-Көкшетау» РОСО-да демалатын оқушылардың тізіміне асыраушысынан айырылған отбасы яғни, жартылай жетім санатындағы, әрі дарынды 6 сынып оқушысын ұсына отырып, жетістіктеріне тоқталып өтті. Республикалық «Жас суретші» байқауында Ы.Алтынсаринның 180 жылдығы аясында "Ұлттың ұлы ұстазы» I орын; «Ақ бота» интеллектуалдық марафонының III дәрежелі диплом; I Халықаралық «Ақ сәулелі алтын таң» фестиваль конкурсы кіші топ домбыра аспабы бойынша II орын; Жас музыканттардың облыстық байқауына белсене қатынасқаны үшін Диплом; Аудандық «Жас музыкант» байқауы II орын;


Ш.Сариева-кеңес төрағасы:


Мектеп оқушыларының әлеуметтік осал топ санаттары бойынша ұсынылған өтініштермен әлеуметтік жағдайын растайтын құжаттары

бойынша және тәртіптемелерге сәйкес жазғы сауықтыру лагерлеріне ұсынылған оқушылардың қатынасуын қолдайтындығын ескертті.

Күн тәртібіндегі мәселені талқылай келе, кеңес мүшелерімен бірлесе отырып, **Қаулы** етеді:


I. Жазғы демалыс лагерлерінде демалатын оқушылардың әр кезең бойынша тізімі жасақталып, бекітілсін (қосымшаларға сәйкес).


Қамқоршылық кеңес төрағасы:  Ш. Сариева


Мүшелері:  С. Краубаев

 К. Бекназаров


 Э. Уразбаева

 А. Гумарова

 А. Сахисева

 А. Куанышкалиева

 Н. Тоғанасова

 Н. Турекешов

Хатшы:

 Н. Рахметқалиева